

## **«Мектепке дейінгі ұйымға арналған үздік дамытушы бағдарлама» республикалық байқауын өткізу туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының 2026 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың мамыр айында меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның барлық педагог қызметкерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымға арналған үздік дамытушы бағдарлама» республикалық байқауы өтті.

**Байқаудың мақсаты:** республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының түрлеріне, бейініне және жұмыс бағыттарының басымдықтарына сәйкес педагогтердің үздік дамытушы бағдарламаларын анықтау.

### **Байқаудың міндеттері:**

- педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау;
- педагогикалық процестің мазмұнын жаңарту бойынша инновациялық педагогикалық идеяларды іздеу;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтердің инновациялық тәжірибесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде тарату;
- балалардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ата-аналарға бағдарламаны таңдау құқығын қамтамасыз ету.

Байқау үш кезеңде (I аудандық (қалалық), II облыстық, III республикалық) өткізілді. Байқаудың республикалық кезеңіне қатысу үшін байқау комиссиясына Білім басқармалары облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздарының қажетті материалдары мен жұмыстарын ұсынды.

Байқаудың республикалық кезеңіне 19 өңірден барлығы 28 жұмыс келіп түсті. Байқау Ережесіндегі талаптарға сәйкес материалдардың болмауына байланысты Шымкент қаласы қатысқан жоқ.

«Мектепке дейінгі ұйымға арналған үздік дамытушы бағдарлама» байқауына республика бойынша барлығы 134 педагог қатысып, байқаудың республикалық кезеңінде 39 педагог бақ сынасты.

«Мектепке дейінгі ұйымға арналған үздік дамытушы бағдарлама» республикалық байқауы қорытындысы жүлделі орындар мен «Үздік дамытушы бағдарлама», «Цифрлық технологияларды қолданудағы үздік бағдарлама», «Ұлттық құндылықтарға негізделген үздік бағдарлама», «Инновациялық үздік дамытушы бағдарлама» номинациялары бойынша анықталды.